

2017 жылдың 6 қаңтар күні ВжМШ факультетінде кезексіз ғылыми кеңес өткізілді. Күн тәртібінде – биология ғылымдарының кандидаты, доцент Ибрагимов Рашид Мұхтарұлының 80 жылдығын тойлау рәсімі.

Ибрагимов Рашид Мұхтарұлы 6 қаңтар 1937 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 1970 жылы биологиялық ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Эхинококктың фракцияларының антигендік (аллергендік) биохимиялық сипаттамасы» тақырыбы бойынша диссертация қорғады. Жалпы еңбек өтілі – 52 жыл, соның ішінде ғылыми-педагогикалық 36 жыл. 1977ж. бастап С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-де «Ветеринарлық медицина» кафедрасында еңбек етті.



Өзінің өмірін Рашид Мұхтарұлы дүниеде ең керекті гумандық қызметке, яғни жануаларды аурулардан сақтандыруға және адамдарға ауруды жұқтырмауға арнады. Осы жылдар бойы жоғарғы оқу орнында қойылатын талаптарға сәйкес еселі еңбек атқарды.

Жомарт, адал еңбегінің және шыдамдылығының арқасында студенттердің қабілетін жоғарылатуда көп еңбек сіңірді. Осыған орай жүздеген студенттер, малдәрігерлер кәсіптік қызметінде биіктікке жетті.

Рашид Мұхтарұлы өзінің тәжірибесімен, білімімен әріптестері және шәкірттерімен әрқашан бөлісіп, кеңес беріп үйретіп отырды.

Білікті еңбегі үшін Рашид Мұхтарұлына «Еңбек ардагері» және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» сияқты лайықты атақтар берілді.